

"Жаңақорған ауданы бойынша әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды жұмысқа қабылдау үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 мамырдағы N 1100 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 шілдедегі N 110 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 22 тамызда N 10-7-158 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 мамырдағы N 349 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 14.05.2013 N 349 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңына сәйкес және аудан прокурорының 2012 жылғы 14 маусымдағы N 17-1-12, 18 маусымдағы N 2-1004-12-00591 ұсыныстарының негізінде Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жаңақорған ауданы әкімдігінің "Жаңақорған ауданы бойынша әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды жұмысқа қабылдау үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2011 жылғы 12 мамырдағы N 1100 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10-7-141 нөмірімен 2011 жылдың 30 мамырында тіркелген, 2011 жылғы 10 маусымда "Жаңақорған тынысы" газетінің 48 нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының 5 пайызы мөлшеріндегі **к в о т а** **б е л г і л е н с і н . "**

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М. Ауанов) жұмысқа орналасу үшін өтініш, берген мүгедектердің, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан

босатылған адамдардың осы белгіленген квотаға сәйкес жұмысқа жолдануын
қ а м т а м а с ы з е т с і н . "

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің
орынбасары Қ. Бүркітбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі С. Тауипбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Ауанов Молдахмет Қожахметұлы

_____ "13" шілде 2012ж.